АСТАНА
ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«МҰСТАФА ШОҚАЙ
АТЫНДАҒЫ №51 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ»
ШЖҚ МКК

010000, Астана қаласы, Алматы ауданы

Аманат көшесі, 5
тел.ф. +7 (7172) 50-17-65
51mektep@mail.ru



ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 51
ИМЕНИ МУСТАФЫ ШОКАЯ»
АКИМАТА ГОРОДА
АСТАНЫ

010000, город Астана, район «Алматы»
Улица Аманат, 5
тел.ф. +7 (7172) 50-17-65
51mektep@mail.ru

БҰЙРЫҚ № 225
«03» 09 2026 ж.

ПРИКАЗ № _____
«_____» _____ 2026 г.

2026 - 2027 оқу жылында мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру туралы

«Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірде № 92 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

Сатиева А.Ч. - мектеп директоры, комиссиясы төрайымы;
Сагындыкова А.Ж. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия төрайым орынбасары;
Тұрдалы Г. - дефектолог - логопед, комиссия хатшысы;
Абдрахманова Л. Н. - педагог-психолог, комиссия мүшесі;
Мұрат А.И. - педагог-психолог, комиссия мүшесі;
Егінбай П.Қ - педагог-психолог, комиссия мүшесі;
Әшір А.Ж - педагог-психолог, комиссия мүшесі;
Әсембек Ә.Д. - әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
Сулейменова Г.Н. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
Баяков А.Т. - директордың бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
Ысмайыл Ғ.Қ. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
Смагулова Г.И. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
Исаева Г.А. - медбике;

2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын ұйымдастыру комиссия құрамында барлық педагог-ассистенттер, сынып жетекшілер және пән мұғалімдері уақытша комиссия мүшесі болып тағайындалсын;

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінде Біріккен Ұлттар Ұйымының бала құқығы туралы конвенциясы, «Білім беру туралы», «Кемтар балалар әлеуметтік және медико-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасы Заңдары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің нормативті-құқықтық құжаттары басшылыққа алынсын;

4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастырудың мақсаты мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып, тәрбиелегенде олардың жастарын, жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес оңтайлы емдеу-сауықтыру және психологиялық-педагогикалық жағдайды қамтамасыз ету болып табылсын;

5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі: оқушыларды оқыту мен тәрбие беруге дайындау мақсатында оқушыларды тексеру, түзетіп, дамыту және әлеуметтік жұмыстарды өткізу, оқудағы ауытқушылықтар мен оқушылардың мектепке бейімделуін анықтау, танымдық іс-әрекеттің деңгейін (сөйлеу, есте сақтау, назар аудару, еңбекке қабілеттілік және басқа да психикалық функциялар) және ерекшелігін анықтау, алдын алу, оқыту мен тәрбие беруде жеке-нақтыланған әдістермен қамтамасыз етілген, түзету психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік іс-шараларды анықтауға арналған оқушының эмоциялы-ерікті және тұрғалық дамуын зерттеу, оқушыны дамытуға қолайлы оқу бағдарламасын таңдау, жалпы дамуын зерттеу, оқушыны дамытуға қолайлы оқу бағдарламасын таңдау, жалпы және түзету арқылы оқыту мен тәрбие беру процесінде жеке-нақтылай әдістерді қамтамасыз етуге арналған оқу, тәрбие беру процесіне қатысушыларға ұсыныстарды дайындау басты міндет етіп алынсын;

6. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі оқуда қиындықтары бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін когнитивтік және орындаушылық функциялар, сөйлеуді дамыту, оқу, жазу және санау дағдыларының болуы/болмауы, эмоционалды-еріктік сала, мектепке бейімделу, сенсорлық және моторлық, отбасындағы әлеуметтік проблемаларды анықтау параметрлері бойынша бағалансын:

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өз жауапкершілігіме қалдырамын.

Мектеп директоры: **А.Ч.Сатиева**